

Текст публичной оферты на казахском языке

Жария шарт

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес (бұдан әрі – ҚР АҚ) осы жария шарт «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Орындаушы) атынан 08.01.2025 ж. №7 сенімхат негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасының орынбасары Кабдыкаримова Ж.Ж., XIV NIS Conference 2025 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға (бұдан әрі – конференция) қатысуды ұйымдастыру бойынша төменде көрсетілген шарттар негізінде осы ұсынысты қабылдайтын кез-келген тұлғамен (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) қызмет көрсету шартын (бұдан әрі – Шарт) жасау жөнінде ұсынысы болып табылады, аталмыш Тараптар біріге отырып, төмендегі бойынша келісімге келді:

1. Жалпы ережелер

1.1. Тапсырыс беруші келесі әрекеттерді толықтай орындаған уақыттан бастап, Оферта Тапсырыс беруші тарапынан толықтай және сөзсіз қабылданды және Тараптар арасында Шарт жасалды деп есептеледі:

а) <https://beyim.edu.kz/conference> (бұдан әрі – сайт) мекенжайында орналасқан сайтта электронды формада конференцияға қатысу туралы өтінім беру;

ә) Сайтта көрсетілген мөлшерінде және мерзімінде конференцияға қатысу туралы тіркеу жарнасын төлеу.

1.2. Орындаушының шоттарына тіркеу жарнасы түскен уақыттан бастап Шарт жасалды деп есептеледі.

1.3. ҚР АҚ 397 бабының 1-тармағына сәйкес офертада акцепт мерзімі және Орындаушының қызметтерін төлеу шарттары болса, онда көрсетілген мерзім ішінде офертаны жіберген тұлға акцептті қабылдаған жағдайда шарт жасалды деп есептеледі.

2. Шарттың мәні

2.1. Орындаушы Тапсырыс берушінің конференцияға қатысуын ұйымдастыру бойынша қызметтерін атқаруға, ал Тапсырыс беруші сайтта тіркеу жарнасын төлеп, конференцияға қатысуға міндеттенеді.

3. Тіркеу жарнасы және есеп айырысу тәртібі

3.1. Конференцияға қатысу үшін тіркеу жарнасы осы Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушы шоттарының интернет-эквайринг арқылы сайтта төленеді. Тіркеу жарнасының сомасына ҚҚС 12% кіреді.

3.2. Тіркеу жарнасы тек қолма-қол ақшасыз түрде қабылданады.

3.3. Тапсырыс беруші конференцияға қатысудан бас тартқан жағдайда конференция басталуына кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда Орындаушының атына info@nis.edu.kz электрондық поштасына тіркеу жарнасын қайтару туралы арыз толтырып, сонымен бірге төлем квитанциясы мен банктік шоттың бар екендігі туралы анықтаманы жіберу керек. Тіркеу жарнасы Орындаушының банктік шығындарды алып тастаған мөлшерде қайтарылады.

4. Тараптардың міндеттері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Конференцияға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

4.1.2. Сайтта конференцияның өткізілу бағдарламасында орын алған өзгерістер туралы уақытылы хабардар етуге;

4.1.3. Конференцияның өткізілу мерзімі өзгерген жағдайда Тапсырыс берушіні конференция басталуына кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн қалғанда сайтта жариялау арқылы хабардар етуге;

4.1.4. Конференция басталуына кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда тіркеу жарнасын қайтару туралы арыз толтырып жіберген жағдайда тіркеу жарнасын Орындаушының банктік шығындарды алып тастаған мөлшерде қайтаруға міндетті.

4.2. Тапсырыс беруші:

4.2.1. Орындаушының қызметтерін Шартта қарастырылған тәртіпке сәйкес төлеуге;

4.2.2. Конференцияға қатысуға;

4.2.3. Конференцияға қатысудан бас тартқан жағдайда Орындаушыны конференция басталуына кемінде 5 (бес) күн қалғанда хабардар етуге міндетті.

5. Тараптардың жауапкершіліктері

5.1. Шарт лайықсыз орындалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5.2. 2025 жылдың 30 қыркүйегінен кейін конференцияға қатысудан бас тартқан жағдайда тіркеу жарнасы қайтарылмайды.

6. Басқа да талаптар

6.1. Шарт Тапсырыс беруші осы жария шартты қабылдаған уақыттан бастап өз күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толығымен орындаған уақытқа дейін әрекет етеді.

6.2. Орындаушы өз міндеттемелерін орындауға Тапсырыс берушінің келісімінсіз үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

6.3. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен үзілуі мүмкін.

6.4. Шартқа байланысты пайда болған сұрақтар бойынша келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда Тараптар Шарттан немесе оны орындаудан туындайтын барлық келіспеушіліктер мен дауларды шешуге келіссөздер жүргізу арқылы шаралар қолданады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы жария шарт сайтта жарияланған уақыттан бастап күшіне еніп, конференцияның басталуына дейін әрекет етеді.

7.2. Орындаушы осы жария шарттың талаптарына өзгерістер енгізу немесе өз қалауынша кез келген уақытта жария шартты қайтарып алу құқығына ие. Осы жария шарт өзгерістерінің күшіне ену уақыты оның жаңа редакциясын сайтта жариялау немесе офертаны қайтарып алу туралы ақпаратты жариялау мерзімі болып табылады.

7.3. Осы оферта талаптарын қабылдау арқылы Тапсырыс беруші Шартты өз еркімен жасасатынын және офертада көрсетілген барлық талаптармен келісетінін растайды.

7.4. Осы жария шарт жалғыз данада құрастырылып, сайтта жарияланды.

8. Орындаушының деректемелері

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

Мекенжай: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Нұра ауданы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1 ғимарат

Телефон: [+7 \(7172\) 23-57-01](tel:+77172235701)

Электрондық пошта: info@nis.edu.kz

Сайт: www.nis.edu.kz

Басқарма төрағасының орынбасары

Кабдыкаримова Ж. Ж.

Конференцияға қатысу құнын қайтару туралы өтініш бланкі

Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры
Жанабекова Гульжан Жаркеновнаға

_____,
Т.А.Ж.,

келесі мекен-жайы бойынша тұрады: _____

Құжат № _____

Берілді: мекеме: _____, қашан _____

Телефон _____

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

Мен, _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының **XIV NIS Conference 2025** халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысу үшін төленген

_____ сомасындағы (жазбаша түрде) тіркеу жарнасын маған қайтаруды сұраймын.

Қайтарылатын тіркеу жарнасын келесі банк деректемелері бойынша аударуды сұраймын (банктің атауы мен деректемелері, (БСК, корреспонденттік шот, алушының есеп шоты);

Төлем квитанциясы мен банктік шоттың бар екендігі туралы анықтаманы тіркедім.

« _____ » _____ 20 ж. _____

_____ Мерзімі

_____ Қолы

_____ Т.А.Ж.